Құжатты жасаған: ХАБИЕВ О. А., 8-7242-55-98-49, 8708-440-95-93 сот отырысы «WhatsApp» мобильдік қосымшасының қолданылуымен өткізілетіні хабарланады., 7
Құжатқа қол қойылған: ЕЛШІБЕКОВ Б. Е., 01.04.2024 11:35

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН АУДАНАРАЛЫҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ СОТЫ

СПЕЦИАЛИЗИРОВАННЫЙ МЕЖРАЙОННЫЙ ЭКОНОМИЧЕСКИЙ СУД КЫЗЫЛОРДИНСКОЙ ОБЛАСТИ

120014, Қазақстан Республикасы, Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, Әйтеке би көшесі, 29, тел: +7 (7242) 55-98-51;
факс: +7 (7242) 55-98-51; email: 110202@sud.kz

120014, Республика Казахстан, Кызылординская область, город Кызылорда, улица Айтеке би, 29, тел: +7 (7242) 55-98-51;
факс: +7 (7242) 55-98-51; email: 110202@sud.kz

01.04.2024 № 4360-24-5-29/4618

2-3092/23

талап қоюшы: «Қызылорда облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы» КММ

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотымен талап қоюшы «Қызылорда облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы» мемлекеттік мекемесінің жауапкер «Стандарт Ойл КЗО» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы азаматтық ісі бойынша соттың 14.02.2024 жылғы заңды күшіне енген шешім көшірмесі орындау үшін жолданады.

Қосымша: Шешім көшірмесі « 4 » парақта.

Судья Б.Елшібеков

Орынд.: Хабиев О. А.
тел.: *8-7242-55-98-49, 8708-440-95-93., 724-2469@sud.kz*

ҚР Жоғарғы соты, Төрелік АЖ. ЭСҚ тексеру нәтижесі он

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 14 ақпан №4360-23-00-2/3092 іс Қызылорда қаласы

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
судья Б.Е.Елшібековтың төрағалық етуімен,
сот отырысының хатшылығында О.А.Хабиевтің отыруымен,
ашық сот отырысында мобильді бейнеконференцбайланыс арқылы қойылған талап бойынша электронды азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қызылорда облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«Стандарт Ойл КЗО» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
Талап қоюшы өкілі К.Б.Накипов
Жауапкер өкілі А.К.Мадиев

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

Талап қоюшы (тапсырыс беруші) мен жауапкер (мердігер) арасында 2020 жылғы 26 қазанда №84 құрылыс саласындағы жұмыстарды мемлекеттік сатып алу туралы шарты (бұдан әрі - Шарт) және 2020 жылғы 20 қарашада, 2020 жылғы 27 қарашада, 2021 жылғы 26 қаңтарда, 2021 жылғы 17 тамызда, 2022 жылғы 2 ақпанда, 2022 жылғы 15 наурызда, 2022 жылғы 15 маусымда, 2022 жылғы 25 қарашада, жалпы 8 қосымша келісімдер жасалған.

Шарттың 3.1 тармағы мен 1-қосымшасына сәйкес, жауапкер жалпы сомасы 2 045 106 675 теңгеге «Қазалы ауданының «Әйтеке би-Қазалы» аудандық маңызы бар автомобиль жолын реконструкциялау» жұмысын құрылыстың басталғаны жөнінде хабарлама алған күннен бастап 13 ай мерзім ішінде орындауға міндеттенген.

Алайда, Шартта көрсетілген мерзімде жауапкер міндеттемесін орындамаған.

Сол себепті талап қоюшы 2023 жылғы 23 қаңтарда сотқа жауапкер «Стандарт Ойл КЗО» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінемемлекеттік

сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану, шарт бойынша жұмыстарды аяқтауды міндеттеу және тұрақсыздық айыбын өндірутуралы талап қоюмен жүгініп, сотпен 2023 жылғы 14 сәуірде талап қоюды ішінара қанағаттандыру туралы шешім шығарылған.

Бірінші саты соты, әділдік пен ақылға сыйымдылық өлшемшарттарын негізге ала отырып, жауапкердің осы күнде өзінің міндеттемесін ішінара орындауына байланысты, қалған бөлігі жуық арада орындайтыны туралы мәлімдемесін ескере отырып, талап қоюдың мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану бөлігін қанағаттандырусыз қалдырған.

2023 жылғы 10 мамырда негізгі шартқа №9 қосымша келісім жасалып, осы қосымша келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын 1-қосымшасына сәйкес шарт бойынша жұмыстарды орындау мерзімі 2023 жылдың 30 маусымына дейін белгіленген.

Дегенмен, жауапкер бұл мерзімде де жұмысты орындамаған, нысанды пайдалануға бермеген, сондықтан талап қоюшы 2023 жылғы 21 шілдеде сотқа талап қоюмен жүгінген.

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2023 жылғы 29 қыркүйектегі ұйғарымымен бұған дейін талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабын қанағаттандырусыз қалдыру туралы 2023 жылғы 14 сәуірдегі №4360-23-00-2/208 шешімі 2023 жылғы 22 мамырда заңды күшіне енген деген негізбен, Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі – АПК) 277-бабының 2)-тармақшасына сай, іс бойынша іс жүргізу тоқтатылған.

Көрсетілген сот ұйғарымы талап қоюшының жеке шағымымен Қызылорда облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасымен 2023 жылғы 21 қарашада қаралып, бірінші саты сотының 2023 жылғы 29 қыркүйектегі ұйғарымның күші жойылып, азаматтық іс сол сотқа жаңадан қарауға жолданып, 2023 жылғы 27 қарашада осы соттың өндірісіне қайта қабылданған.

Жауапкермен сотқа жазбаша қарсы пікірі ұсынылмаған.

Сот отырысында талап қоюшы өкілі талап қоюда көрсетілген уәждерін қуаттап, сонымен бірге автомобиль жолы реконструкциялау жүргізілуі тиіс елді мекендер тұрғындарынан бірнеше жылдан бері аяқталмаған жұмыстар бойынша жергілікті атқарушы органдар басшыларына наразылық шағымдар түсіп жатқанын мәлімдеп, талап қоюды қанағаттандыруды сұрады.

Сот отырысында жауапкер өкілі талап қоюмен келіспей, бұған дейін осы сотпен талап қоюшының осы мазмұндағы талабы бойынша талапты қанағаттандырусыз қалдыру туралы 2023 жылғы 14 сәуірде №4360-23-00-2/208 шешім қабылданғандығын көрсетсе, сонымен бірге 2023 жылғы

Құжатқа қол қойылған: Елшібеков Б. Е., 21.02.2024
Заңды күшіне енген күні: 27.03.2024, судья Елшібеков Б. Е., 27.03.2024
4360-23-3-1/3265

қараша және желтоқсан айларында негізгі Шартқа №10 және №11 қосымша келісімдер жасалғанын мәлімдеп, талап қоюды қанағаттандырусыз қалдыруды сұрады.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (бұдан әрі –АК) 386-бабының 1-бөлігіне сәйкес, шарт оны жасасқан кезден бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болып табылса, осы Кодекстің 272-273 баптарына сәйкес, міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал заңдарда немесе шартта көзделгеннен басқа реттерде міндеттемені орындаудан біржақты бас тартуға және оның шарттарын біржақты өзгертуге жол берілмейді.

АК-нің 349-бабының 1-бөлігіне сәйкес, міндеттемені орындамау, не тиісті дәрежеде орындамау (мезгілінде орындамау, тауарлар мен жұмыстарды толық орындамау, міндеттеме мазмұнында белгіленген басқа жағдайларды бұзып орындау) - тиісінше орындамау оның бұзылуы деп түсініледі.

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы №434-V «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 12-бабының 4-тармағының 3)-тармақшасына сәйкес, өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілер мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізіліміне енгізіледі.

Сот отырысында анықталғандай, 2020 жылғы 26 қазанда №84 Шартқа №9 келісімнің 1-қосымшасына сәйкес, Шарт бойынша жұмыстарды орындау мерзімі 2023 жылғы 30 маусымға дейін белгіленген.

Жауапкер бұл мерзімде де жұмысты орындамаған, нысанды пайдалануға бермеген, сондықтан талап қоюшы 2023 жылғы 21 шілдеде мерзімінде сотқа талап қоюмен жүгінген.

Яғни, жауапкермен «Қазалы ауданының «Әйтеке би-Қазалы» аудандық маңызы бар автомобиль жолын реконструкциялау» жұмысы бүгінгі күнге дейін аяқтамалмай, Шарт бойынша өз міндеттемесі тиісті түрде орындалмаған.

Сот жауапкердің бұған дейін осы сотпен талап қоюшының осы мазмұндағы талабы бойынша талапты қанағаттандырусыз қалдыру туралы 2023 жылғы 14 сәуірде №4360-23-00-2/208 шешім қабылданғандығы, 2023 жылғы қараша және желтоқсан айларында негізгі Шартқа №10 және №11 қосымша келісімдер жасалғаны туралы уәждерін негізсіз деп санайды.

Себебі, жауапкердің бұған дейін сот шешімі қабылданған деген уәжімен іс жүргізу тоқтатылған Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2023 жылғы 29 қыркүйектегі ұйғарымы Қызылорда облыстық сотының азаматтық істер

Құжатқа қол қойылған: Елшібеков Б. Е., 21.02.2024
Заңды күшіне енген күні: 27.03.2024, судья Елшібеков Б. Е., 27.03.2024
4360-23-3-1/3265

жөніндегі сот алқасының 2023 жылғы 21 қарашадағы №4399-23-00-2а/942 ұйғарымымен күші жойылып, ол мәселеге баға берілген. Ал, негізгі Шартқа 2023 жылғы 30 қарашада және 19 желтоқсанда жасалған №10 және №11 қосымша келісімдермен Шарт бойынша мердігердің міндеттемелерін орындау мерзімі өзгертілмеген, ол қосымша келісімдермен Шарт бойынша жауапкермен мерзімінде игерілмеген қаржыларды бюджеттен қайта қаржыландыру мерзімдері өзгертілген.

Жоғарыда анықталған жағдайларда, талап қанағаттандырылып, жауапкер мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылуға жатады.

Сонымен бірге, АПК-нің 117-бабына сәйкес, жауапкерден мемлекет кірісіне 1725 теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілуі тиіс.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Қызылорда облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жауапкер «Стандарт Ойл КЗО» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жауапкер «Стандарт Ойл КЗО» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекеттік кірісіне 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге мемлекеттік бажға төленуі тиіс сот шығысы өндірілсін.

Шешімге наразы жақтармен шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалармен өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қызылорда облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына АПК-нің 403, 404-баптарының талаптары сақтала отырып, апелляциялық шағым берілуі, прокурормен апелляциялық өтінішхат келтірілуі мүмкін.

Судья **Б.Е. Елшібеков**

Көшірмесі дұрыс.

Судья **Б.Е. Елшібеков**

Анықтама:Шешім 27.03.2024 жылы заңды күшіне енді.

Судья **Б.Е. Елшібеков**

Құжатқа қол қойылған: Елшібеков Б. Е., 21.02.2024

Заңды күшіне енген күні: 27.03.2024, судья Елшібеков Б. Е., 27.03.2024

4360-23-3-1/3265

Құжатқа қол қойылған: Елшібеков Б. Е., 21.02.2024

Заңды күшіне енген күні: 27.03.2024, судья Елшібеков Б. Е., 27.03.2024

4360-23-3-1/3265